

ХАТТАМА

Астана қаласы әкімдігінің “Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы №1” шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария түрде талқылау жөніндегі хаттама

Жиналыс төрайымы: Шаймердинова А.Х. – Астана қаласы әкімдігінің «Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы №1» ШЖҚ МКК директоры.

Қатысқандар: Астана қаласы әкімдігінің «Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы №1» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы.

Күн тәртібі: Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Баяндамашы: Маханбетов А.Р. – Кәсіпорынның комплаенс-офицері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі екі бағыт бойынша жүргізілді:

- 1) Талдау нысаны қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Талдау нысанының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында талдау нәтижелерін жария түрде талқылау туралы хабарлама жарияланды.

Қоғам мен азаматтар тарапынан ұсыныстар мен сұрақтар келіп түскен жоқ.

Талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама дайындалып, жұмыс тобының мүшелерімен бекітілді.

Нәтижесінде белгілі бір бизнес-процестерде тәуекелдер мен кемшіліктер анықталып, оларды азайту және Кәсіпорын қызметін жетілдіру үшін ұсыныстар берілді.

**Астана қаласы әкімдігінің
«Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы №1»
ШЖҚ МКК директоры** _____

Шаймердинова А.Х.

Комплаенс-офицер _____

Маханбетов А.Р.